

**Лавлейс Ада -  
тұңғыш  
бағдарламалаушы**

- *ЛАВЛЕЙС Августа Ада Кинг (Lovelace Augusta Ada King), леди Байрон, графиня (10.12.1815, Мидлсекс (қазіргі Лондонның шекарасында) – 29.11.1852, сол жерде), ағылшын математигі.*
- *Августа Лавлейсті №1 бағдарламалаушы деп атайды, өйткені ол өз әріптесі Чарльз Бэббидждің есептеу машинасына арнап алғаш бағдарлама жазған.*

- *Августа Ада Лавлейс 1815 жылы 10 желтоқсанда дүниеге келген. Ол ағылшынның ұлы ақыны Джордж Гордон Байрон (1788 - 1824) мен Аннабелла Байронның (өз тегі Милбэнк, 1792-1860) жалғыз қызы болатын. Байрон 1813 жылы өзінің болашақ әйелі Аннабелла туралы: «ол ерекше дарынды, ақын, математик, философ әйел еді», - дейді.*
- *Аданың ата-анасы бұл екі айға толмай жатып ажырасып кетеді, сөйтіп ол содан кейін әкесін көрген емес.*
- *Адаға анасының математикаға деген қызығушылығы, ал әке мінезінің көп тұстары, әсіресе тез әсерленгіш сәттері жұққан сияқты.*
- *Ол тамаша тәрбиелі боп өсті. Өз өмірінің көп бөлігін анасының ықпалымен математикаға арнады. Бұл жолдағы оның ұстазы ағылшынның атақты математигі әрі ойшылы Август де Морган болды.*

- Лавлейс 1841 жылдан бастап Бэббидж машинасын зерттеумен шындап айналыса бастайды. Бэббиджге жазған бір хатында Ада: «Сіз өз машинаңызға қатысты негізгі ұғымдарды маған хбарлауыңыз қажет. Менің осыны тілейтіндей басты себебім бар», - деп жазады.
- Өзінің 1841 жылғы 12 қаңтардағы хатында: «... Алдағы біраз жыл (3 не 4 жыл, мүмкін одан да көп жылдар) бойы менің басым Сізге Сіздің мақсаттарыңыз бен жоспарларыңызға қызмет етуі мүмкін. Міне сол себептен де мен Сізбен шындап сөйлескім келеді», - деген жоспарын баяндайды. Бұл ұсынысты Бэббидж түсіністікпен қабыл алады. Міне осы кезден бастап олардың бірлесіп жұмыс істеуі үзілген жоқ және ол өзінің игі жемісін берді де.

- Өзінің 1841 жылғы 12 қаңтардағы хатында: «... Алдағы біраз жыл (3 не 4 жыл, мүмкін одан да көп жылдар) бойы менің басым Сізге Сіздің мақсаттарыңыз бен жоспарларыңызға қызмет етуі мүмкін. Міне сол себептен де мен Сізбен шындап сөйлескім келеді», - деген жоспарын баяндайды. Бұл ұсынысты Бэббидж түсіністікпен қабыл алады. Міне осы кезден бастап олардың бірлесіп жұмыс істеуі үзілген жоқ және ол өзінің игі жемісін берді де.
- Олар жоспарлар мен ескертпелер құрылымын бірігіп дайындады. Келесі ескертпені аяқтаған соң, оны Бэббиджге жіберіп отырды, ал ол оны қайтадан өңдеп, Адаға қайтарып жатты. Осы жұмыс баспаханаға 1843 жылы 6 шілдеде тапсырылды.

- Лавлейс түсіндірмесінде оның әлемде алғашқы болып Бэббидж машинасына арнап құрастырған үш есептеу бағдарламасы келтірілген.
- Солардың ішінен ең қарапайымы әрі барынша толық сипатталғаны – екі белгісізі бар екі сызықтық теңдеулер жүйесін шешу бағдарламасы еді. Осы бағдарламаны талдау барысында бірінші рет жұмысшы ұяшықтар (жұмысшы айнаымалылар) ұғымы енгізіліп және олардың ішіндегіні біртіндеп өзгертіп отыру жайлы идея қолданылған. Міне бұл идеядан қазіргі барлық бағдарламалау тілінің ең негізгі амалы – меншіктеу амалы бір ғана қадам жерде тұр десе болады.
- Екінші бағдарлама тригонометриялық функциялардың мәндерін есептеу амалдарын берілген ретпен бірнеше мәрте қайталау арқылы есептеуге арналып дайындалды; Лавлейс бұл процедура үшін құрылымдық бағдарламалаудың іргелі ұғымы – циклді енгізді.

- *Ада Лавлейс 37 жасқа жетпеген шағында, 1852 жылы 29 қарашада өмірден озды.*
- *Оның әкесі де осы жаста, ерте қайтыс болған еді, қызына да сол қыршын өлім мұра болды. Ол Байрондар кесенесіндегі әкесінің қасына жерленді.*
- *Ғылымдағы жетістіктері Адаға көп күш-қайрат пен ақыл-ой жұмсау арқылы келгені белгілі, соның кесірі денсаулығына да тигені анық. Өзінің қысқа ғұмырында ол көп нәрсе істеуге үлгірмеді. Дегенмен осы аз уақыттың өзінде оның қаламынан шыққан дүниенің өзі-ақ оның есімін есептеу техникасы мен есептеу математикасы тарихында тұңғыш бағдарламалаушы ретінде жазып қалдырды.*

- *Ада Лавлейсті есте сақтау мақсатында 1980 жылы ойлап табылған әмбебап бағдарламалау тілі – АДА деп аталды. Бұл тіл АҚШ-та кеңінен таралды, АҚШ-тың Қорғаныс Министрлігі осы «Ада» тілін бүкіл американдық қарулы күштердің бірыңғай бағдарламалау тілі ретінде, кейін оны бүкіл НАТО үшін де бекітті.*
- *Сол сияқты Ада Лавлейс құрметіне Американың Алабама және Оклахома штаттарындағы кішігірім екі қала оның есімімен аталды. Оклахомадағы бір колледж де соның атында.*
- *Қазіргі кезде желтоқсанның 10-ы – бағдарламалаушылар күні болып, осы күні өмірге келген әлемдегі алғашқы бағдарламалаушының құрметіне орай, аталып өтуде.*